№3 "Гүлдер" Алға балалар балабақшасы

# Жылдық есеп

"Қалам "мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілер:Ходжаева К.Б.

Заксалыкова Е.Ж

2023-2024 оқу жылы

Мектепалды даярлық тобының жылдық қорытынды есебі

Елбасымыз тәуелсіздікті алғаннан, дамыған елдермен қарым – қатынас жасап, жанашылдықты үйрену, әсіресе, білім беру жүйесін қалыптастыруды өзекті мәселе етіп қойды. Себебі: заман талабына сай Қазақстан балалары сауатты, білімді болуды міндеттеді. Осы айтылған міндеттемелерге бізде толық қолдай отырып, білім берудегі есебімізді ұсынамыз.
2023-2024 оқу жылы бойынша мектепалды алды даярлық тобының жалпы бала саны 21 құрады.
Ұлдар – 13, қыздар –8 . Жас ерекшілігі – 4.5жас аралығы. Ұлдар – 13, қыздар –8 . Жас ерекшілігі – 4.5жас аралығы.
Жетекшілері:Ходжаева К.Б ,Заксалыкова Е.Ж

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жалпы көлемі-20 сағат
ұйымдастырылған оқу оқу қызметінің ұзақтығы 20-25мин,
ұйымдастырылған оқу оқу қызметінің жалпы көлемі

| **Білім беру дағды.** | **Ұйымдастырылған оқу қызметі** |
|---|---|
| | **5 жасқа дейінгі мектепалды даярлық топ.** |
| **«Денсаулық»**<br>**Денешынықтыру** | **3** |
| **«Коммуникация»**<br>**Сауат ашу негіздері,**<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Қазақ тілі,**<br>**Көркем әдебиет** | **3**<br>**2**<br>**2**<br>**2** |
| **«Таным»**<br>**Математика негіздері** | **2** |
| **«Шығармашылық»**<br>**Құрастыру,Сурет салу,Жапсыру,Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **2**<br>**2** |
| **«Әлеумет»**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **2** |
| **Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырған оқу қызметінің жалпы көлемі.** | **20** |

Мектепалды даярлық топтары, балабақшадағы барлық іс - шараларға жыл бойы белсене қатысып отырды, айта кететін болсақ Алтын Күз мерекесі, Жаңа жыл мерекелері атап өтілді. Сонымен қатар ашық тәрбие сағаттары жоспарға сай өтіліп отырылды. Көктемнің алғашқы мейрамы 8 - Наурыз мейрамын мектепалды тобының бүкіл қыз балармен солардың аналарының қатысуымы мен өткізілді. Сонымен қатар тәрбиенушілер Республикалық байқауларға қатысып орындарды иеленіп, дипломдармен марапатталды.Мектепалды даярлық тобы 5 дағды бойынша жұмыс жасайды;

Физикалық дағды

Коммуникация дағды

Шығармашылық дағды

Әлеумет дағды

Танымдық дағды

Жыл басында балалар физикалық дағды бойынша; жүруді(тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнағап олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Коммуникация дағды бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын,ойын анық жеткізе алмайтын, уяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, тәрбиешілерге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 - 4 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады,

шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады.

Шығармашылық дағды бойынша; Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен

қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеумет дағды бойынша; барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным дағды бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 » дейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және

оларды шеше алады.
Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:
- Балабақшада тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады
Осы білім дағдылары бойынша мектепалды даярлық тобы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.



**Өткізілген мерекелік іс-шаралар**

Қыркүйек айының 1 –ші жұлдызы күні «**1-Қыркүйек Білім күніне**» тәрбие сағаты өткізілді.

Балалар тақпақтар, өлеңдер,мақал-мәтелдер айтты.жақсы деп бағалады.

Қыркүйек айында отбасы күні тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі арнап балалар тақпақ жаттады,

Қыркүйек айында күні тілдер күні мерекесіне арнап күні тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі арнап балалар тақпақ жаттады бағдарлама өткізілді.
Қазан айында «1 қазан-қарттар күні» және 25-Республика күні тәрбие сағаттар өткізілді.

Қазан айында «**Келді міне Алтын күз**» атты ертеңгілігік өткізілді.Балалар ертеңгілікке сай киінген.Ертеңгілікке күз ханшайымы қонаққа келді.Балалар күз мезгілі туралы тақпақтар айтты.Балалар би билеп, ән айтты. Өткізген **тәрбиеші:Ходжаева К.Б**

9-Жеңіс күніне арналған **«9-Мамыр жеңіс күні»**тақырыптық сағаты өткізілді.

**«Табығатты аялайық»** атты ата-аналармен бірлескен жұмыс өткізілді ата-аналар петуния және түймедақ гүлдерін әкеліп ауламызға отырғызды.





**«Қош бол балабақшам»** аты ертеңгілікте зал іші безендірілген,балалар ертеңгілікке сай киінген. Балалар тақпақ,өлеңдерін айтып,би биледі. Қонаққа ата-аналар,балабақша қызметкерлер келіп қатысты.Балалардың өнеріне риза болды ,ата-аналар тобымызға естелікке үлкен тақта және музықалық колонқа табыстады.Ризашылықтарын білдіріп,жылы лебіздерін жеткізді .Өткізген тәрбиеші: Заксалыкова Е.Ж Ходжаева К.Б ата-аналар жақсы деген бағамен бағалады.



**Қараша айында «Денсаулық еліне саяхат» атты денсаулық күні өткізілді.** Өткізген **тәрбиеші:Ходжаева К.Б**

Желтоқсан айында «**Тәуелсіздік төрінде**» атты тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді. Жәнеде желтоқсан айында «Шырша шамдары»атты ертеңгілікке жануарлардың кейіпінде кейініп келді.Ертеңгілікке аяз ата мен ақша қар,қу түлкі,қоян, қонаққа келді.Балалар келген қонақтармен ойын ойнап,тақпақ айтып,би билеп,ән айтты.Аяз атадан балалар сыйлықтар алды.жақсы деп бағаланды.Өткізген тәрбиеші:Заксалыкова Е.Ж
Қаңтар айында қарлы алаңда атты денсаулық күні өткізілді.

Наурыз айында **«Алғыс айтамын Әнім саған жан ана»** атты ертеңгілік өткізілді.Залдың іші ертеңгілікке сай безендірілген.Балалар ертеңгілікке сай киінген.Аналарына және әжелеріне арнап тақпақтарын,өлеңдерін айтты.Би биледі.аналарына арнап жасаған сыйлықтарын берді.Жәнеде «**Қош келдің , Наурыз**» атты ертеңгілігік өткізілді. Ертеңгілікке балалар сай етіп киініп келді.Залдың іші қазақ киіз үйінің шаңырағы қойылып безендірілді.Ертеңгілік әнмен басталды.орындалған әндер: «Наурыз біздің жаңа жыл», «Қошақаным», «Дастархан».Мың бұралып би билеген



қыздардың орындауында «Қара жорға» биі, «Қамажай» биін биледі. Балалар наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтты.Біздің

«Қалам»мектепалды тобына берілген салт-дәстүр: Ұлттық ойындар.Ұлттық ойындардың көптеген түрлері бар.Соның ішінде ұлттық ойынның 4-түрін көрсеттік.

1.Арқан тартыс
2.Соқыр теке

3.Ақсерек,Көксерек
4.Қол күрес

Балалар ұлттық ойынды қызығушылықпен ойнады.



Сәуір айында «Ғарышқа әлемі»атты тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі жәнеде құстарға қамқор боламын акциясы атты көрме өткізілді.көрмеге ата-аналар ат салысып қатысты

Мамыр айында «Достық мерекесі» атты тақырыптық оқу қызметі жәнеде 6 сәуірде «Біз болашақ Отан қорғаушылармыз» атты спорттық «Түймедақ» және «Қалам»тобының ата-аналар ат салысып сайысқа толығымен 3 отбасы қатысты.Балалар ойынды қызыға ойнады.жақсы деп бағалады.







